

А.А.Демесинова*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Көкшетау, Қазақстан
E-mail.ru: d.akerke1978@mail.ru)*

Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері

Аңдатпа. Мақалада фэнтези жанрының шығу төркіні қарастырылып, шығарма мазмұнына өзек болатын архетиптік сюжеттер мәселесі көтеріледі. Ғылыми фантастика мен фэнтези жанрының жанрлық өзгешелік сипаттары айқындалады. Фэнтези жанрындағы өзгеше астралды, параллель әлемнің көркемдік шындық әлеміне айналып, өзінің көркемдік заңдылықтарымен өмір сүруінің алғышарттары түйінделіп, тұжырымдар жасалады. Фэнтезидің ертегілерден өзгешелігі мұндағы таңғажайып оқиғалар суреттелетін әлемде қалыпты жағдай ретінде бейнеленіп, ақиқат шындықтағы табиғат заңдылығы сияқты жүйелі көрініс табады.

Мақала мазмұнында әлем әдебиетіндегі және қазақ әдебиеті фэнтези жанрының көрнекті өкілдерінің шығармаларына шолу жасалады. Негізгі бөлімде фэнтези жанрының ғылыми анықтамасы, оның қазіргі кездегі негізгі жанрлық түрлері – эпикалық, басқаша атасақ, батырлық немесе қаһармандық фэнтези, ертегілік фэнтези, «қара» фэнтези, нормалық фэнтези, пародия фэнтезиі, қала фэнтезиі, ғылыми фэнтези, мистикалық фэнтези туралы тұжырымдар жасалады. Фэнтези жанрының тууына түрткі болған мифологиялық сюжеттер мен эпикалық дастан-жырлардың көркемдік генезисіне назар аударылады. Фэнтези жанрындағы шығармалардың сюжеттік кеңістігіндегі реалды, мифологиялық, эпикалық, фантастикалық кеңістік сипаттары талданады. Қазақ фэнтезиінің қалыптасып, дамуына тоқтала келіп, оның көркемдік деңгейі зерделенеді. Қорытынды бөлімде мақаладағы түйінді пікірлер сараланып, тұжырымдар жасалады. Қазіргі фэнтези жанрының алдында тұрған мақсат-міндеттер көрсетіледі.

Түйін сөздер: фэнтези жанры, архетиптік сюжеттер, магия, айдаһар, алып дәу, жын-перілер, жанр, кеңістік, оқиға.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171>

Кіріспе. Фэнтези жанры туралы әлем әдебиетінде өткен ғасырларда ғылыми тұрғыдағы пайымдаулар көптеп жазылса, қазақ әдебиетінде соңғы жылдары ғана кең ауқымда қарастырыла бастады. Фэнтези сөзі ағылшынның (fantasy) фантазия сөзінен шыққан. Осы заманғы өнердің жанры, фантастиканың бір түрі ретінде белгілі, фэнтези жанрындағы шығармалар авторлардың талдап, таразылауынан өткен мифологиялық және ертегілік мотивтерге құрылады.

Бұл жанр XV ғасырдың алғашқы жартысында қалыптаса бастады. Көркем әдебиеттегі фэнтезилік шығармалар тарихи-шытырман оқиғалы романдарды еске түсіреді. Олардағы оқиғалар орта ғасырлар мен қайта өрлеу дәуіріне жақын кезеңдерді қамтып, әдеби қаһармандар айрықша күштер, құбылыстармен қақтығысқа түсіп отырады. Көбіне фэнтези архетиптік сюжеттер негізінде құрылады.

Ғылыми фантастикадан өзгешелігі фэнтези көркем шығармадағы оқиға өтетін

әлемді ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырыспайды. Көркем шығармадағы әлем гипотетикалық (болжаммен) тұрғыда өмір сүріп, біздің шындық өмірмен сәйкесе бермейді. Ондағы шындық ретінде параллельді әлем, басқа ғаламшар алынып, ондағы физикалық заңдар жердегіден өзгеше болып келеді. Бұл әлемде құдайлар, магиялар, айдаһар, алып дәулер, фейлер, жын перілер, періштелер, шайтандар оқиғаларға қатысып, өмір сүре береді. Фэнтезидің ертегілерден басты ерекшелігі мұндағы таңғажайыптар суреттелетін әлемде қалыпты жағдай ретінде бейнеленіп, ақиқат шындықтағы табиғат заңдылығы сияқты жүйелі көрініс табады.

Фэнтези жанрындағы шығармалардың көлемі де әрқилы болып келеді. Бірқатар әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан қазіргі таңда фэнтези жанрындағы шығармалардың көлеміне қатысты да даулы пікірлер туындап отыр [1,336].

Зерттеу әдістері. Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шыға төркіні және түрлерін қарастыруға арналған бұл мақалада салыстырмалы-тарихи, талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Талқылау. Шығыс және Батыс әдебиеттерінде фэнтези жанрының алғышарттары бұрыннан бар. Араб, үнді, қытай, жапон, түркі сияқты шығыс елдерінде буддизм, брахманизм, ислам, түркі мифологиясы негізінде фэнтези жанрының алғашқы нышандары бой көрсетті. Еуропалық әдебиетте фэнтези жанры готикалық, авантюралық, салсерілік (рыцарьлық) романдардың, «фейллік ертегілердің», аруақтар туралы әңгіме-хикаялардың қосындысынан пайда болып қалыптаса бастады.

Шығыс әдебиетіндегі фэнтези жанры біртектес емес және ол Еуропа фэнтезиіне тән өлшем-ұғым, пайым-түсініктен түбірімен бөлек болып келеді. Араб және түркі фэнтезиі, жапон мен қытай фэнтезиі бір-бірінен бөлек сипатта, мүлде ұқсамайды. Оның басты себебі олардың біреуінің ислам, екіншісінің тәңірлік, үшіншілерінің брахманизм мен буддизм сенімдерін ұстануынан деп түсіндіруге болады.

«Қазір батыс фэнтезиі толкиендік эпопеяны: ведьмак (А.Сапковский, Польша), жерорта тарихы, Артур мифтері және ғаламтордағы «фан фикшендер» жазбаларымен толықтырылып жалғастырып келеді. Ресейде толкиендік бағыттағы Ник

Перумовтың «Түнек шеңбері» («Кольцо тьмы»), Н.Васильеваның «Арданың қара кітабы» («Черная книга Арды») және мен «Қарауылдың тәубеге келуі» («Исповедь стража»), К.Еськовтің «Соңғы сақина тағушы» («Последний кольценосец») шығармалары өмірге келді [4].

Еуропа әдебиетінің тек қана толкиендік үрдіске байланып қалмағандығын айтуымыз қажет. Олар өздерінің архетиптік негіздеріне назар аударып, жаңа дәстүрдегі фэнтези туғызуда. Ресей мен поляктар қаламгерлері славяндық мифтерге сүйенсе, Еуропалықтар ежелгі кельт, скандинав, герман мифологиясын негізге алып, мифологиялық фэнтези жанрын өрістетуде. Бұл орайда қазіргі қазақ фэнтези жанрының белсенді өкілдерінің бірі Ильмаз Нурғалиевтің: «Мен әлемге ұлттық фольклорымыздың бай қатпарын барынша танытқым келеді», – дегенінде үлкен мән жатса керек.

Фантастика жанрының алғышарттары көркем өнердің белгілі бір әдіс-тәсілі ретінде ежелгі дәуірлерден мәлім. Адамзат баласының әдебиеті алғашқы қауымдық құрылыстағы мифтік қиял-ғажайып ертегілер мен аңыздарға, одан өсіп балаң әдебиетке, одан кейінгі ержеткен, кемелденген әдебиетке дейінгі көркемдік дамуды бастан кешірді. Ең соңында ғылыми фантастика мен фэнтези жанры өмірге келді. Бұл жанрлар бір-бірімен қанаттаса, өрелесе дамыды. Әдебиеттану ғылымында бұл жанрлардың ара жігін ашып, ғылыми анықтама беру оңайға түсе қойған жоқ. Ғылыми фантастиканың анықтамасы бір ізге түссе де, фэнтези жанры туралы қорытынды байлам, тұжырым қазірге дейін қалыптаса қойған жоқ [3,91].

Фэнтези жанрын зерттеуші Әбіл-Серік Әбілқайыр: «Тауфих Шеғиров-Сәукетаев, Тимур Ермашев, Адам Қапанов және Ильмаз Нурғалиевтар болмыс пен бейболмыс арасындағы межені бұзып, суреттейтін әлемнің шынайылығына өз оқырманын сендіре біледі. Осылайша жасөспірімдер қаламгер фэнтезиінің әлемді түйсіндіру, бейнелеудің, ой елегінен өткізудің өзіндік бір жолы екендігін ұғынады. Аталған жазушылардың бізге ұсынған ертегілік әлемі ертегілік емес әлемге айналып бүгінгі күнгі қазақ қоғамының басты проблемалары астарланып өткен күндердің оқиғаларымен астасады. Осылайша авторлар біздің барша өзекті мәселелерімізді мифпен өрлете түсіндіріп, өзіндік образ сомдаулары

арқылы түрлі қырынан ұсынады. Бұл фэнтезидің тасасында мені танып ал деп қылтиған біздің бүгінгі өміріміздің көлеңкелі жағы жасырынып та жатады. Оның автор тарапынан тереңге жасырынғаны сондай, кез келген оқырман аңғара білмейді. Және батыстық фэнтезиден қазақ фэнтезиінің бір айырмашылығы фольклорға тән сөз саптау мәнерінен қол үзбейді», – деп жазады [4].

Бұған өз тарапымыздан қосар ойымыз бар. Тауыпқы Рымжановтың «Гүл Ағашы» ертегі-хикаятындағы (1999 жылы жарық көрген) басты кейіпкер Қарабектің басынан өткен шытырман оқиғалары адамзат арасында, перілер мен шайтандар еліндегі сюжеттермен өрнектеліп, ең соңында өзінің туып-өскен отаны, адамзат мекені Зарлыхан патшалығына жеңіспен оралып, халқына Гүл Ағашының нұр бейнесін көрсетіп, жұмақ қақпасының күзетшісі Темір адамның жұмақтың кілтін көрсетуімен аяқталады. Сол адамзат патшасы Зарлыханның ішкі шайтанын алып тастау арқылы Қарабек оның зарлап жүрген, көңілсіз қалпынан жадырап жүретін, қолы ашық, жомарт патшаға айналуына жол ашады. Жүз мың жылқысын қол астындағы халқының игілігіне жұмсауға шешім қабылдаған Зарлыхан бейнесі арқылы автордың елдің билігіне жасырын, астарлы белгілер жіберу талпынысын байқауға болады.

Фэнтези жанрында адамның ақылы жетпейтін қиялдағы әлем сюжеттегі оқиға желісіне, суреттеудің негізгі өзегіне тірек болады. Сайып келгенде әлем әдебиетіндегі фэнтези жанрына тән, нышан-белгі, сипат – осы әлемде, яғни реалды әлемде кездеспейтін шындықты, бөлек әлемді сөз етіп, оқиға желісіне айналдыруы. Қазақ әдебиетінде өзінің ұлттық болмысын, ерекшелігін, рухани-мәдени құндылықтар сипатын жоғалтпай өзінің жеке бұзып-жарылмас көркемдік әдемін сомдаған қаламгерлер қатарында – ең алдымен Тауыпқы Рымжановты, одан кейінгі Тауфих Шеғиров-Сәукетаевты, Тимур Ермашевты, Адам Қапановты және Ильмаз Нурғалиевты атауға болады. Фэнтези жанрында жазатын қаламгерлердің басты көркемдік мақсат-мұраты – өскелең ұрпақ тәрбиесін ескере отырып, шынайы өмірде, реалды дүниеде болуы мүмкін емес құбылыстар, тылсым күштерді суреттеу арқылы өзінің дидактикалық мақсатына жарата білуі.

Фэнтези жанры әу баста әдеби ертегінің шекпенінен өрбиді. Ертегіден ерекшелігі

автор шындық өмірден аулақтап (эскапизм) миф пен аңыздарды қайтадан бір ой сарабына салуға бағыт ұстанады. Ұлт басындағы сын сағатты ертегілік образдар мен мотивтер арқылы негіздеген Джон Рональд Руэл Толкин болды. Ол «фэнтезидің атасы» аталды.

«Кеңестік кезеңде қазақ соцреализмінің идеологиялық жүйесі күйреуге ұшырай бастаған кезде ұлттық фэнтезидің алғашқы нышаны балалар әдебиетінде Тауыпқы Рымжановтың туындыларында көрініс тапты. Ғылыми фантастика кеңестік режимге қызмет етсе, фэнтези бұған көнбеді. Өйткені, ол сана мен қисынға емес, сезім мен арманға арқа сүйегендіктен бейсанасыз болып келіп, ешбір идеологияның ырқына көнбейді. Сондықтан мұндай жанрға ескіні көздеушілік деген таңба басылып, аяқ басқан қаламгерлер билеуші топтың қарсылығына да ілікті. Қазір бұл жанрға қалам тартушылар ұлттық нақыштар төнірегінде ой толғайды.

Фэнтезидің барша әлем әдебиетіне ортақ нышан-белгісі – біздің әлемде болмайтын дүниені сөз етулері болып табылады. Жазушының ұлттық құндылықтарға суарылған ертегі-повестері – қазақ халқының рухани қажеттілігін қанағаттандыратын, халықтың сұранысы мен қажеттілігіне жауап бере алатын өміршең туынды» [2,314-325].

Ғалым Әбіл-Серік Әліакбардың «Бір ділді фэнтези ешқашан тілге бөлініп аламанбайды» деген мақаласында Тауыпқы Рымжановты «қазақ фэнтези жанрының негізін салушы, әрі осы жанрдың атасы» дей отырып, оның шығармаларын зерттеу мен зерделеудің қажеттілігін айтқан болатын [4].

Шет ел әдебиетінде Дж. Р.Р.Толкин, Мэри Стюарт, Урсула Ле Гуин, Роджер Желязны, Майкл Муркок, Андрэ Нортон сияқты қаламгерлер фэнтези классиктері саналады.

«Өткен ғасырдың 80-ші жылдары кеңестік әдебиетте фэнтезидің алғашқы үлгілері: Н. Ютановтың «Оборотень», Е. Хаяцкийдің «Мечь и радуга», С.Логиновтың алғашқы әңгімелері мен Орталық Азияда Тауыпқы Рымжанов туындыларында бой көрсетті» [2,314-325].

Қазіргі фэнтези жанрының әкелерінің бірі – Роберт Говард 1936 жылы «Айдаһарлар ғасыры» шығармасын жазды. Жаңа жанрдың бас қаһарманы Киммерлік Конан өмірге келді.

Бұл жаңа жанр «қылыш пен сиқыр» жанры аталды. Осы кезде Дж.Р.Толкиен «Хоббит немесе Анда және сері» шығармасын

жариялады. Д.Р.Толкиен 1954 жылы «Сақиналар әміршісі» романынан кейін ғана шынайы атақ-даңққа жетті [5,43].

Фэнтези жанрының арғы тарихына үңілсек, Еуропада XIX ғасыр шегінің өзінде-ақ Вальтер Скотт, Генри Хаггард, Луи Жаколио сияқты қаламгерлер фэнтези жанрында алғашқы тәжірбиелерін жасап көрген. Сонан кейінде қаншама қаламгерлер осы жанрда шығармалар жазды. Солай бола тұрса да, солардың ешқайсысы да анау айтарлық биікке, үлкен жетістікке жете алмады. Тіпті қазір біз «фэнтези атасы» деп жүрген Джон Толкин де үлкен атақ-даңққа бірден жете қоймаған. Оның әйгілі «Сақиналар әміршісі» ешбір баспа шығармай, бес жыл жатып қалған екен. Ақырында 1954 пен 1955 жылдары ғана бір баспа көңіл бөліп, кітапты үш бөлімге бөліп, аздаған таралыммен шығарған. Америкалық «Балантайн Букс» баспасы ғана 1960 жылы кітапты көп тиражбен басып, шығарма қысқа ғана уақытта нағыз бестселлерге айналып шыға келген.

Нәтижелер. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Ресей кеңістігінде фэнтезиге жаппай сұраныс артты. Шетелдің фэнтези романдары орыс тіліне көптеп аударылып, оқырмандар сұранысы қанағаттандырылды. Орыс әдебиетінде де фэнтези жанрында қалам тарттын жазушылар шыға бастады. Олардың қатарында Ник Перумов, Мария Семёнова, Андрей Белянин, Юрий Никитин т.б. атауға болады.

Жалпы фэнтези деген не өзі?! Алдымен соның басын ашып алайықшы. Қазірге шейін фэнтезидің тық еткізіп қоятын нақты бір анықтамасы жоқ. Дегенмен, осы заманда өмір сүріп жатқан адамдардың тым құрығанда бір рет болсын фэнтезимен бетпелбет келмегені некен-саяқ! Фэнтези әдебиетте, кинода, бейнелеу өнерінде, музыкада, компьютерлік ойындарда және басқа да толып жатқан салаларда қанатын кеңге жайған. Сондықтан фэнтези – әдеби жанр деңгейінен асып метажанрға айналды деуге толық негіз бар. Алайда осының барлығына бастау болған – әдеби фэнтези. Оның өзі тағдырдан көп теперіш көрді. Алғашында әдеби сыншылар оны талғамы төмен кедейкешікке, жарлы-жақыбайға, сумұрын жігіт-желең мен қыз-қырқынға арналған «көңіл көтеруші», «көңіл аулаушы» ғана «бірдеңе» деп, мойындағылары келмеді. Дегенмен фэнтези жарықтық біртіндеп миллиондар мен миллиардтардың назарын өзіне аударып,

бірте-бірте ғылыми фантастикамен тайталаса бастады, тіпті кейбір жерде басып озды. Өйткені адамға жарық жылдамдығымен жарысатын ғарыш кемелері және алыс галактикадағы жат ғаламшарлықтардан гөрі ықылым замандардан бері ата-бабалары аңыз ғып айтып кеткен мифтік кейіпкерлерге толы сиқырлы әлем мен тылсым табиғат астастырыла суреттелетін фэнтези жанры әу бастан жақынырақ еді. Негізі фэнтезиге әлі ешбір ғалым нақты анықтама беріп көрген емес, әркім әртүрлі талдайды. Бәлкім бұл фэнтезиден әр адам өзіне қажеттіні алатындықтан шығар, кім білсін?... Біреулер оны «қылыш пен сиқырлық әдебиеті» десе, енді біреулер мифология мен заманауи әдебиеттің астасуы дейді.

Қазіргі кезде әдебиет зерттеушілерінің пікірінше фэнтези жанрының бірнеше түрі қалыптасқан екен. Олар: батырлық немесе қаһармандық фэнтези, эпикалық фэнтези, баламалы тарихи фэнтези, тарихи фэнтези, «қара» фэнтези, юморлық фэнтези, пародия фэнтезиі, қала фэнтезиі, ғылыми фэнтези, мистикалық фэнтези. Осылардың ішінде көркем әдебиетте ең көп тараған түрі - эпикалық фэнтези. Джон Толкиннің «Сақиналар әміршісі» романы да осы эпикалық фэнтезидің жарқын үлгісі.

Қазіргі кездегі фэнтезидің жан-күйін әдебиеттанушы Әбу-Асқар Мекешұлы былайша сипаттайды: «Қазақта «таз таранып болғанша, той тарқап болады» деген нақыл бар ғой. Осы сөз тура біздің қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрына қатысты айтылғанға ұқсай береді маған. Неге десеңіз, қазір әлемде фэнтезиге деген қызығушылық күрт бәсеңдеген. Жаңа жоғарыда атаған толып жатқан фэнтези түрлері соның салдарынан туындап отыр. Авторлар оқырманның назарын аудару үшін неше түрлі экспериментке баруда. Әу баста түп-тұнық мөлдіреген фэнтезиге ғылымды да, мистиканы да, қала өмірін де, қазіргі заманды да, философияны да, тарихты да, бәрін-бірін қосып, қойыртпақтап жатыр. Қазіргі шығып жатқан фэнтезилерді таза фэнтези деп айтудың өзі қиын. Олар бірнеше жанрлардың қосындысы болып кеткен. Міне әдебиет алаңында болып жатқан осындай алашапқын қым-қуыт жаңалықтар қазақ әдебиетін ары айналып, әлі бір соқпай жүргені таң қалдырады. Жалпы «бізде неге Нобель алған жазушылар жоқ?» деп кінжілеміз. «Ол саясат, бәлен-түген» дейміз. Мүмкін біз әдеби

үрдіске дер кезінде ілесе алмай, басқалар 100 жыл бұрын айтып кеткен нәрсені ғана жазатын шығармыз?! Әйтпесе осы күнге дейін қазақ тіліндегі таза фэнтези жанрында жазылған қомақты туындылардың санының аз болуының сыры неде? Құдайға шүкір ешбір халықтан кем есем мифологиялық базамыз бар, аңыз-әңгіме, қиял-ғажайып ертегілерден кеңде емеспіз. Тіпті керек десеңіз Серікбол Қондыбайдың мифологияны бастан-аяқ зерттеп, жүйелеп берген ғылыми еңбектерінің өзі неге тұрады? Дайын кейіпкерлерді ал да, шым-шытырық сюжеттеріңді құрап, өз фэнтезиіңді бұрқырата бер. Иә рас, жоғарыда фэнтезиге деген оқырманның сұранысы азайды, фэнтезидің күні өтіп барады деген пікірлерді келтірдік. Сонда фэнтези жазудың қандай қажеті бар деуіңіз мүмкін ғой?! Ол да жөн сөз. Бірақ фэнтези кез-келген сәтте адам баласы күтпеген жерден жарқ етіп шыға келуге әбден бейімделген құбылыс. Есіңізде ме, сөзімнің басында айтып едім ғой, «Сақиналар әміршісінің» өзі шаң басқан сөрелерде қаншама жыл жатты деп. Оған дейін де қаншама мықты фэнтезилер болған. Бірақ адамдарды тарта алмады. Оларды көп тиражбен шығарған баспалар шығынға белшелерінен батып жатты. Ал Толкиеннің туындысы өзіне ғана тән, оқырманын ғажайып фэнтезиәлемінетартыпкететінтуынқтығымен ғана бес батпан шаңның астынан жарқ етіп шықты. Одан кейін оқырман тағы да сүлесок бола қалды. Қаншама мықты туындылар жарық көрді. Бірақ олар «Сақиналар әміршісінің» көлеңкесінде қалып қоя берді. Сол кезде «Болды! Бітті! Фэнтези өлді!» деген пікірлер болған. Алайда күндердің бір күнінде қарапайым ғана жалғыз басты даяшы әйелдің нәресте баласын көтере жүріп «Салфеткаларға жазған» Гарри Поттері жарқ етті! Яғни, фэнтезидің өлмегенін, ешқашан өлмейтінін, тек оны оқырманға ұсына білуі керек екенін ұғындырды [5,43].

Ал қазақәдебиетіндегі фэнтези жанрының жан-күйі қандай екен? Соған аздап тоқтала кетсек. Біздің жас әдебиеттанушыларымыз фэнтези жанрына назар аударып, өз ой-пікірлерін айта бастады. Зерттеуші Әбіл-Серік Әлиакбар балалар жазушысы Тауық Рымжановтың «Гүл ағашы», «Ерден батыр», «Күн перзенттері» атты ертегі-хикаяттарын фэнтези жанрына жатқызып отыр. Әдебиеттанушы-ғалым Еркінгүл Солтанаева Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Алтын тостағанды іздеу: «Бату

және оның достарының басынан кешкендері», А.Түлембаеваның «Дамака және оның достары» секілді шығармаларын фэнтези жанрының туындылары ретінде қарастырады. Қазақстандық фэнтези қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де жарық көре бастады. Солардың бірі Ержан Есімхановтың «Соғыс» («Война») атты фэнтези романы. Ал екінші бір орыс тіліндегі «Дастан мен Арман» фэнтезилік саласының авторы Ильмаз Нурғалиев: «Мен әлемге ұлттық фольклорымыздың бай қатпарын айқын танытқым келеді» дейді. Бұлардан басқа Адам Қанаевтың «Әуедегі қоныс» («Воздушное кочевье») роман фэнтезиінде Аңсар деген аңшы жігіт пен оның сүйген жары, айдай сұлу Нұрияның асыл махаббаты арқау болады. Шығармадағы оқиға, уақыт пен кеңістік мифтік әлем кеңістігінде, аспан көшпелілері елінде өтіп жатады. Ал қаламгер Тимур Ермашевтың «Әпсаналарды тірілтуші» («Воскрешающий легенды») фэнтезилік шығармасында екі дос тылсым жағдайда болған апаттан кейін қазақ тарихындағы атақты «Орбұлақ шайқасының» жауынгерлеріне айналып кетеді. Қазақ ханы Салқам Жәңгір мен бірге оның сарбаздарының қатарында, Батур қоңтайшының 50 мыңдық жоңғар қолын талқандауға қатысқан екі жігіттің қызықты да шытырман тағдыры шығарманың сюжеттік желісіне айналып оқырмандарын қызықтыра тартып, бей-жай самарқау қалдырмайды.

Қорытынды. Фэнтезиге бет бұру – қазіргі қазақ әдебиетінде кең тарала басталған құбылыс десек, реалистік дәстүрдегі қазақ қаламгері М.Мағауиннің өзі «Қыпшақ аруы» хикаятында осы жанрдың қағидат-ережелерін шығармашылық тұрғыда сіңіре отырып, постмодернистік сипаттағы ерекше мистикалық, мифологиялық кеңістікке еркін кірген туынды туғызады.

«Кеңестік кезеңге қазақ социализмінің идеологиялық жүйесі күйреуге ұшырай бастаған кезде ұлттық фэнтезидің алғашқы нышаны М.Дүйсеновтің, Б.Соқпақбаевтың, Р.Тоқтаровтың, Т.Рымжановтың, т.б. белгілі қаламгерлердің туындыларында ұшыраса бастады» [6].

Қазақ фэнтезиінде айрықша танымал тұлға Тауық Рымжанов болып отыр. Жазушы туындыларында тылсым (магия) мен тылсым емес антагонистік күштер бір-бірімен аяусыз күресіп жатады.

«Фэнтези туындылары көбіне тарихи-шытырман оқиғалы туындыны еске түсіріп,

ондағы іс-әрекет белгілі бір ұлттың бағзы баба дәуіріндегі, орта ғасырлардағы тыныс-тіршілігін танытанын ойдан шығарылған әлемде өтіп, бас кейіпкер құдай ерекше қылып жаратқан құбылыстар және мақұлықтармен аяусыз күреске түседі.

Кейбірде фэнтези архетиптік сюжеттер негізінде құрылады. Ғылыми фантастикаға қарағанда фэнтези іс-әрекет орын алып отырған әлемді ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырыспайды. Батыс фэнтезиінде оқиға өтетін әлем не параллельді әлемде, не басқа ғаламшарда орын алады. Ондай әлемде құдайлар, құшнаштар, мифтік мақұлықтар (айдаһар, гном, тролли) немесе басқа

фантастикалық мақұлықтар шынайы өмір сүреді. Олардың әдеби ертегіден өзгешелігі суреттелетін әлемнің дағдылы қалыбы деп танылып, «табиғаттың бұлжымас заңдылығы деп қабылданады» - деп жазады әдебиеттанушы ғалым Әбіл-Серік Әліәкбар [4].

Сайып келгенде барша әлем әдебиетіне ортақ нышан белгісі – біздің әлемде болмайтын дүниені сөз етулері болып табылады. Қазақ әдебиетінде бұл жанр енді өркендеп келеді. Алдағы таңда әдебиет зерттеушілері, сыншылар бұл жанрға ерекше көңіл бөліп, талдап, саралау нысанына айналдырса деген мақсат қоямыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Чепур Е.А. Русская фэнтези: к проблеме типологии характеров // Проблемы истории, филологии, культуры.- 2008. - 336 с.
2. Тайманова С., Байдәулетова А.Ә., Сақтағанова А.Т. Балалар әдебиетінің жаңашыл жазушысы – Тауық Рымжанов // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. – 2022. №1 (64). - Б.314-325.
3. Беренкова В.М. Жанр фэнтези как объект лингвистического исследования // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2: Филология и искусствоведение. - 2009. - №4.
4. Әбіл-Серік Әліәкбар. Бір ділді Алаш фэнтезиі ешқашан тілге бөлініп аламанбайды [Электронды ресурс]. – 2019. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/amp/> (дата обращения: 14.01.2023);
5. Иванова Э. Создание вторичных миров: Дж.Р.Р.Толкин и жанр «фэнтези» // Искусство в школе. – 2008. - №4 – С. 43.
6. Әбу-Асқар Мекешұлы: Қазақ әдебиетінде фэнтези бар ма? [Электронды ресурс]. -2017. - URL:./ <https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/1839> (дата обращения: 14.01.2023).

References

1. Chepur E.A. Russkaya fentezi: k probleme tipologii harakterov [Russian Fantasy: on the Problem of Character Typology], Problemy istorii, filologii, kul'tury [Problems of History, Philology, Culture], 336 (2008).
2. Taimanova S., Baidaletova A.O., Saktaganova A.T. Balalar adebietinin zhanashyl zhazushysy-Taupyq Rymzhanov, [Innovative writer of children's Literature - Taupyk Rymzhanov], Abylaj khan atyndagy Qazaq khalyqaralyq qatynastar zhane alem tilderi universitetinin Khabarshysy [Bulletin of Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages], 1 (64), 314-325 (2022).
3. Berenkova V. M. Zhanr fentezi kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovaniya [Fantasy genre as an object of linguistic research], Vestnik Adygejskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 2: Filologiya i iskusstvovedenie [Bulletin of the Adygea State University. Series 2: Philology and Art History], 4 (2009).
4. Abil-Serik Aliakbar. Bir dildi Alash fentezii eshkashan tilge bolinip alalanbajdy [One-language Alash fantasy is never divided into languages] [Electronic resource].- 2019. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/amp/> (Accessed: 14.01.2023).
5. Ivanova E. Sozdanie vtorychnyh mirov: Dzh. R.R. Tolkin i zhanr «fentezi» [The Creation of Secondary Worlds: J.R.R. Tolkien and the Fantasy Genre], Iskustvo v shkole [Art at school], 4,43 (2008).
6. Abu-Askar Mekeshuly: qazaq adebietinde fentezi bar ma? [Is there a fantasy in Kazakh literature?] [Electronic resource] - 2017. – URL: /<https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/1839>. / (Accessed: 14.01.2023).

А.А. Demessinova

*Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan***The origins and types of fantasy genre in fiction**

Abstract. The article examines the origin of fantasy genre, raises the problem of archetypal plots that underlie the content of the work. The features of the genres of science fiction and fantasy are determined. Conclusions are also drawn and the prerequisites for the existence of another astral, parallel world with its artistic laws are summarized, turning into a world of artistic reality in the fantasy genre. The difference between fantasy and fairy tales is that in the world where miracles are described, they are portrayed as normal and real life as a natural law in reality.

The content of the article provides an overview of the works of the fantasy genre, outstanding representatives of world literature and Kazakh literature. The main section draws conclusions about the scientific definition of the fantasy genre, its main genre types today – epic, otherwise called heroic fantasy, fairy-tale fantasy, ‘dark’ fantasy, normal fantasy, parody fantasy, urban fantasy, scientific fantasy and mystical fantasy. The main attention is paid to the artistic genesis of mythological plots and epic sagas, which served as the impetus for the birth of the Fantasy genre. The properties of the real, mythological, epic, fantastic space in the plot space of works of the Fantasy genre are analyzed. In connection with the formation and development of Kazakh fantasy, its artistic level is being studied. In the final part, the key opinions in the article are analyzed and conclusions are drawn. The goals and objectives facing the modern fantasy genre are shown.

Keywords: fantasy genre, archetypal plots, magic, dragons, giant, fairies, demons, genre, phenomenon, event.

А.А. Демесинова

*Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан***Истоки и виды жанра фэнтези в художественной литературе**

Аннотация. В статье рассматривается происхождение жанра фэнтези, поднимается проблема архетипических сюжетов, которые лежат в основе содержания произведения. Определяются жанровые особенности научной фантастики и фэнтези, а также делаются выводы о предпосылках существования иного астрального, параллельного мира с его художественными законами, который превращается в мир художественной реальности в жанре фэнтези. Отличие фэнтези от сказок заключается в том, что удивительные события здесь изображаются как нормальные в описываемом мире, а истина находит системное выражение как закономерность природы в реальности.

В содержании статьи дается обзор произведений жанра фэнтези, выдающихся представителей этого жанра в мировой и казахской литературе. В основном разделе делаются выводы о научном определении жанра фэнтези, его основных видах на сегодняшний день – эпическом фэнтези, иначе называемом героическим, сказочном фэнтези, «темном» фэнтези, нормальном фэнтези, пародийном фэнтези, городском фэнтези, научном фэнтези и мистическом фэнтези. Основное внимание уделяется художественному генезису мифологических сюжетов и эпических саг, которые послужили толчком к рождению этого жанра. Анализируются свойства реального, мифологического, эпического, фантастического пространства в сюжетном пространстве произведений описываемого жанра. В связи с формированием и развитием казахского фэнтези изучается его художественный уровень. В заключительной части анализируются ключевые мнения в статье и делаются выводы. Показаны цели-задачи, стоящие перед современным жанром фэнтези.

Ключевые слова: жанр фэнтези, архетипические сюжеты, магия, дракон, великаны, феи, джины, демоны, жанр, явление, событие.

Автор туралы мәлімет:

Демесинова А.А. – докторант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Demessinova A.A. – PhD student, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.